



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

2. Сүлейменова Э.Д. Архетип «гадкого утенка» и языковая идентичность // Язык и идентичность: Материалы международной научно-практической конференции. – Алматы, 2006. – С. 15-25.
3. [www.strategy2050.kz](http://www.strategy2050.kz)
4. Зиновьева В.И., Бресенев М.В., Шульмин М.П., Марагина А.А., Тибекина С.С. Социальная идентичность молодежи в техническом вузе: проблемы коммуникации ментальной устойчивости. г. Томск, 2014.-199 с.

ӘОЖ 37.013.42:371

## **ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ҮШІН КОММУНИКАТИВТІК ДАҒДЫЛАРДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ: ҒЫЛЫМИ КОНТЕКСТ**

**Нұрғабден Бибісара Мергенқызы**

[bikosh03@mail.ru](mailto:bikosh03@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті

Әлеуметтік ғылымдар факультеті,

Әлеуметтану кафедрасының 4-курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жеткешісі - Досмурзаева Д.О.

Жалпы, коммуникацияны адамның өмірі барысында қажетті бәріне ортақ шарт және қоғамның дамуына негіз болатын фундамент деп есептеуге болады. Ал қоғам – индивидтердің жиынтығы және олардың байланысы мен қарым-қатынасынан құралады. Сондықтан көп жағдайда, әсіресе, әр түрлі ғылым өкілдері тарапынан коммуникацияға деген ерекше қызығушылық туады. Қоғамдық ойлар тарихына сүйенсек, философтар, әлеуметтанушылар, лингвисттер, журналисттер, саясаттанушылар, мәдениеттанушылар, психологтар мен педагогтер адамзат қарым-қатынасы мәселелеріне міндетті түрде жүгінеді. Алайда, осы мәселелерді қарастырған әрбір жаңа зерттеуші коммуникативтік проблематиканың ең күрделілердің бірі екендігін анықтайды.

Көпшілігі бұл күрделілікті адамзат типі мен тарихының алуан түрлілігімен байланыстырады. Коммуникация, жалпы, ғылым ретінде ХХ ғасырдың орта кезеңінен бастап қалыптаса бастады. Бұл электронды-коммуникативтік революция кезеңімен тұспа тұс келеді.

Коммуникация мәселелерін зерттеуге деген қызығушылықтың күрт жоғарылауы ХХ ғасырдың екінші жартысында байқалды. Оған себеп, кибернетиканың дамуы, коммуникацияның математикалық теорияларының және заманауи электронды байланыс жүйелерінің пайда болуы. Сонымен қатар, шетелдік ғалымдар Н.Винер, К.Шеннон, У.Р.Эшби, ресейлік ғалымдар А.И.Берг, А.Н.Колмогорова еңбектерінің жарық көруі мен жаңа терминдер «коммуникация», «ақпарат», «ақпараттық алмасу» пайда болуы да әсер етті.

1960-жылдардың басында әдебиеттерде «коммуникация» терминіне жүзден аса анықтама берілді. Қазіргі уақытта бұл терминдердің саны әлбетте өсті және мағыналары да ашыла түсті.

Коммуникация - адамзат қарым-қатынасының болуын әрі дамуын қамтамасыз ететін, мағынасы бар символдар мен тасымалдау құралдарынан тұратын механизм (Кули).

Коммуникация – ақпаратты қабылдап, сақтап, қайта өңдей алатын күрделі динамикалық жүйелер арасындағы ақпарат алмасу (А.Урсул).

Коммуникация – кең мағынада әр түрлі мақсатқа бағытталған, тілдің, белгілер мен символдардың, жалпыға ортақ ережелердің бірігуі көмегімен құрылған әлеуметтік бірлестік (К.Черт).

Коммуникация – субъектінің қандай да бір объектпен – адаммен, жануармен, көлікпен ақпараттық байланысы (М.Каган).

Коммуникация – бұл алдымен, адамдар мінез- құлқының бір біріне жауап қайтаруын жеңілдететін әдіс... Коммуникация – кооперативтік көмекті қамтамасыз ететін, қиын әрі күрделі іс-әрекеттерді басқаруға мүмкіндік беретін алмасудың(обмен) түрі (Т.Шибутани).

Коммуникация – бұл ақпаратты бір адамның миынан басқа адамның миына жіберу әдісі (П.Смит, К.Бэрри, А.Пулфорд).

Коммуникация – бұл организмдер немесе бір организмнің бөліктері арасындағы дабылдардың алмасуы және осы дабылдардың жағымды қабылдануы. Сонымен бірге осы үрдіс барысында ақпараттың өзгеруі және субъектілердің өзара бейімделуі орын алады (Д.Льюис, Н.Гпуэр).

Коммуникация – арнайы ақпаратпен алмасу, эмоционалды және интеллектуалды мазмұндағы ақпарат алмасу процесі (А.Б.Зверинцев, А.П.Панфилова).

Тұлға – коммуникациядағы индивидуальділік. Көптеген зерттеушілер келісімімен, осы анықтама бойынша тұлғалық және әлеуметтік өзін-өзі анықтау байланысы мен тығыз қарым-қатынасы көрінеді.

Коммуникативті іс-әрекет – бұл бір адамнан екінші адамға немесе топтар арасында әр түрлі коммуникативтік құралдардың көмегімен (вербальді, вербальді емес) әр түрлі каналдар бойынша ақпарат алмасу үрдісі. Бұл процесс қатысушылардың санына, қатысушы жақтардың көздеген мақсатына, қолданылған каналдар мен құралдарға байланысты әр түрлі формада болып отырады.

Коммуникацияның ғылыми әдебиетте көрсетілген үлкен көлемдегі модельдері осы жерден шығады. Коммуникацияның модельдерінің екі мағынада қолданылатынын ескерген жөн: біріншіден, зерттеу тәсілі, концептуалды құрал ретінде; мақсаты – коммуникативті іс-әрекетті түсіндіру; екіншіден, коммуникативті іс-әрекетті схемалы, сызбалы жинақталған, үрдісті бақылауға және арналған құрал ретінде. Екінші жағдайда модель берілген үрдіс іске асырылатын алгоритм негізінде көрініс табады.

Әлеуметтік жұмыс, кәсіби іс-әрекет ретінде арнайы спецификалық қасиеттерге ие. Солардың бірі әлеуметтік жұмыс бойынша маман мен клиент арасындағы қарым-қатынастың сипаты. Әлеуметтік жұмыс барысында, негізінен субъект-субъектілі қарым-қатынас қолданылады, сондай-ақ индивидтің немесе топтың потенциалын жоғарылатуға бағытталған көмек тек екінші реттік сипатқа ие болады.

Әлеуметтік жұмыс үш негізгі құрылымдық элементтен тұрады: субъект – белсенділігі объектке не басқа субъектке бағытталған, объект – субъектінің белсенділігі бағытталған, субъектінің энергиясы мен белсенділігі – объектке немесе басқа субъектіге бағытталған. Құрылымдық элементтердің әрқайсысы өздеріне коммуникативтік іс-әрекет сипатын алады.

Әлеуметтік жұмыс, іс-әрекеттің бір түрі ретінде, негізгі коммуникация болып табылады.

Коммуникативтік қарым-қатынас, кең мағынада, қарым-қатынастың мағыналық аспектісі. Әлеуметтік қызметкер мен клиенттің қарым-қатынасының негізгі мақсаты – индивидтің немесе әлеуметтік топтың механизмдерін оптимизациялау:

- ✓ клиенттің өзіндік қасиеттерін, өз өмірін өзі бақылауда ұстауын, туындаған мәселелерді тиімді шешу деңгейін жоғарылату;
- ✓ клиент өзінің мүмкіндіктерін максималды түрде көрсете алатын жағдай жасау;
- ✓ қоғамдағы адамдардың адаптациясы немесе реадатациясы.

Әлеуметтік жұмыстың ерекшелігі, алдында тұрған мәселелерді шешу барысында ол қоғамның барлық салаларындағы қоғамдық қатынастардың және адамдар іс-әрекетінің барлық түрлері мен формаларын тікелей және жанама қозғап өтеді. Осы мәселелерді анықтау мен шешу, ең алдымен, мемлекеттік қызмет, қоғамдық ұйымдар және бірлестіктер өкілдерімен көмекке, қолдауға, қорғауға мұқтаж азаматтар мен әлеуметтік топтардың (клиенттер) арасында байланыстарды орнату және қолдау арқылы, бұл өз кезегінде әлеуметтік қызметкерлердің коммуникативтік қабілеттерін жоғары дамытуға бағытталады. Осылайша, әлеуметтік қызметкер мамандығын коммуникативті деп атауға болады, себебі оның практикалық іс-әрекеті қарым-қатынасқа негізделеді, бұл іс-әрекеттің жетістігі, оның

коммуникативті компетенттілігіне байланысты, яғни, тұлғаралық қабылдау сияқты құзыреттіліктерге байланысты.

Бұдан басқа, әлеуметтік байланыстар интенсификациясы, қарым-қатынас кеңістігінің кеңейтілуі психологиялық жүктемені арттырады және қарым-қатынас процесі барысында шиеленісті күй (напряженность) тудырады.

Әлеуметтік қызметкердің жоғарғы деңгейдегі коммуникативті компетенттілігі оны осы жүктемеден қорғайды және тұлғаралық қарым-қатынастың интенсивті болуына өз септігін тигізеді. Қарым-қатынас адам өмірінің барлық сферасына тән құбылыс, бұл қоғам мен адамның қарым-қатынасы жүйесін қалыптастыру құралы мен шарты болып табылады. Бірақ, қоғамның өмір сүру барысындағы ерекше феномен ретінде қарым-қатынас арнайы мазмұнды және функционалды сипаттамаларға ие. Жалпы жағдайда қарым-қатынастың перцептивті, коммуникативті және интерактивті функцияларын бөліп қарастырады. Яғни, қарым-қатынас – бұл біруақытта серіктес екі жақтың бірін-бірі қабылдауы, олардың ақпарат алмасуы, іс-әрекеттермен, рольдік әсер етулермен алмасуы, белгілі бір өзара қарым-қатынас орнатуы. Қарым-қатынастың коммуникативті құралдары әртүрлі. Оларға жататындар:

- ❖ ауызша сөйлеу құралдары (вербальді): лексика, стилистика, грамматика, семантика;
- ❖ ауызша емес сөйлеу құралдары (вербальді емес):
- ✓ оптокинетикалық (жестикуляция, мимика, көзқарас бағыттары, визуалды контакт, бет-әлпеттің қызаруы немесе бозаруы);
- ✓ паралингвистикалық (интенсивтілік, тембр, дауыс интонациясы, оның диапазоны);
- ✓ экстралингвистикалық (паузалар, сөйлеу темпі, оның жүйелілігі, күлкісі, жөтелуі, кекештену);
- ✓ проксемикалық (жеке кеңістік (пространство) кеңістік, контактінің физикалық дистанциясы: интимді (0-ден 40-45см дейін), жеке (45-тен 120-150см дейін), әлеуметтік (150-400см), қоғамдық (400-ден 750-800см дейін), әңгімелесушіге бұрылу бұрышы);
- ✓ заттық контактілі, тактильді іс-әрекеттер (қол алысу, құшақтасу, сүйу, қол соғу, сипау, қол үшін тигізу);
- ✓ ольфакторлы құралдар (иіспен байланысты).

Әңгіменің, сөздің мағынасын, мазмұнын жеткізу саласында вербальді және вербальді емес құралдардың бір-біріне қатынасы өте қарама-қайшы. Мәтін құрылымының «қосарлы жоспарын», семантикалық нюанстарын, субтексті, сонымен қатар сөйлеушінің сөзінің мазмұнына шынайы көзқарасын анықтау өте қиын. Коммуникация саласының мамандары «иә!» деп айтудың 500 тәсілі, ал «жоқ!» деп айтудың 5000 тәсілі бар деп бекер бөліп көрсетпеген.

Адамдардың қарым-қатынас жасау барысында бір-бірлеріне әсер етудің қандай механизмдері бар?

1. Жұқтыру (заражение, инфекция) – басқа адамдармен жаппай өзара әрекеттесу жағдайында эмоционалды жағдайды бейсаналық көбейту- индукторлар-олармен эмпатия неізінде; әдетте вербальді емес сипатта;

2. Өзін-өзі сендіру (внушение) – бір жақты ерікті, мақсатты бағытталған басқа адамды эмоционалды жай-күйдің көмегімен мотивация жұқтыру. Әдетте, рухтандырушы адамның әрекеттері сөйлеу әсері негізінде («жұқпалы манипуляция») іске асады.

Аталған механизмнің жұмысы көбінесе оның тиімділігіне ықпал ететін немесе кедергі жасайтын бірқатар сыртқы факторлармен анықталады:

- жеке адамға барынша ықпал ететін топ мүшелерінің саны үшеу болуы керек;
- топтың әсері осы топтағы адамға тәуелді болады: топқа нашар тәуелді және осы топтың жоғары дәрежеде мойындалуын сезінетіндер аз болады;
- қарым-қатынастың алқалы жүйесімен пайдаланылатын топтардағы бағалаудың біртектілігі шешімдер қабылдау топтарына қарағанда айқын көрінеді, бірақ коммуникативтік байланыстың ерекшеліктеріне байланысты топтардың екінші типінде бағалаудың жеткіліктілігі жоғары;

- қоғамдық пікірлерде олардың әсері Соперге қарағанда күшті. – М., 1989, с. Олардың жазбаша түрде немесе қандай да бір техникалық құралдардың көмегімен хабарлауы;
- стандарттан айтарлықтай ауытқып кететін (жеке зерттеу үшін) және топпен бағалауда едәуір ерекшеленетін субъектілер топтың жағдайында олардың бағалауларын күрт өзгертеді;
- коллективистік өзін-өзі анықтаудың әсерінен ұжымдағыларға қарағанда шабыттандырушы әсер диффузиялық топта қарқынды болады;
- 17жастан асқан адамда сәйкестік дәрежесін төмендетеді;
- қыздардың сәйкестігі ұлдардың сәйкестігіне қарағанда 10%-ға жоғары;
- инертті және нашар жүйке жүйесі бар адамдар, басқаларға қарағанда тез сенгіш адамдар болып табылады (внушаемы).

1. Сенім білдіру – көзқарастар мен өкілеттіктер жүйесіне, сондай-ақ басқа адамның мотивациялық және құнды саласына саналы, дәлелді, логикалық және шын мәнінде жарамды әсер ету. Сенімді әсер ету механизмі ақпараттандыру мен дәлелдеуді қамтиды. Ақпаратты беру әдістері: диссертацияны ұсыну, тұжырымдамаларды анықтау, гипотеза-болжамдарды тұжырымдау, түсіндіру, көрсету, демонстрациялау және айырмашылықтарды анықтау. Аргументтің әдісі: билікке сілтеме, фактілерді азайту, көрнекі құралдарды көрсету, аналогия, куртоз, оқиға.

2. Еліктеу (имитация) – басқа тұлғаның мінез-құлқының нысанын өзімен бірге саналы және бейсаналық сәйкестендіру негізінде («басқалар сияқты әрекет ету») ассимиляциялау. Дәстүрлі қарым-қатынас іскерлік және тұлғааралық болып бөлінеді. Іскерлік өзара әрекеттесуде оның қатысушылары әлеуметтік рөлдерді орындайды, сол себепті коммуникацияның мақсаттары, оның себептері және байланыстар орнату жолдары бағдарламаланған. Іскерлік қарым-қатынастан бейресми тұлғааралық қарым-қатынастың айырмашылығы мінез-құлқтың, эмоциялардың, зияткерлік процестердің қатаң реттеуі жоқ.

Адамдар арасындағы қарым-қатынастың мәні адамның объектімен емес, адамдармен өзара қарым-қатынасы болып табылады. Психологтар адамдар арасындағы қарым-қатынастың өте қиын және оны жүзеге асырудың мүмкін еместігі адамдардың іс-әрекеттеріне және психикалық әл-ауқатына кері әсерін тигізетінін атап көрсетеді.

Қорыта айтқанда, әлеуметтік жұмыстың негізгі сипатының бірі қарым-қатынас болып табылады. Әлеуметтік қызметкер үшін қарым-қатынас, кәсіби маңызы бар факторға айналған коммуникативтік дағды.

Педагогикалық және психологиялық әдебиеттерде әлеуметтік қызметкердің коммуникативтік іс-әрекеті мен оның құрылымы жеткіліксіз түрде зерттелген. Сонымен қатар болашақ әлеуметтік қызметкерлердің бойында коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру мен коммуникативтік кәсіби маңызы бар қасиеттерді бағалауға мүмкіндік беретін критерийлерді анықтау да ерекше зерттеуді талап етеді.

Дәл қазіргі уақытқа дейін әлеуметтік қызметкерлерде мақсатты бағытталған түрде коммуникативтік дағдыларды қалыптастырудың негізгі психолого-педагогикалық шарттарының толық сипаттамасы жоқ. Практикадағы әлеуметтік қызметкерлер осының бәріне интуитивті түрде келеді. Әрине, бұл әр түрлі және көптеген коммуникативтік міндеттерді орындауға, кәсіби қарым-қатынастың оптималды стилінің қалыптасуына жеткіліксіз.

Шынайы практикада әлеуметтік қызметкерге қойылатын объективті кәсіби талаптар мен оларды оқыту барысындағы жалпыкәсіби және арнайы пәндердің арасындағы сәйкессіздік. Бұл болашақ әлеуметтік қызметкерлерде қарым-қатынас сферасында әлеуметтік маңызды қондырғыларды қалыптастыруды қиындатады, студенттерге коммуникативтік дағдыларды кәсіби іс-әрекет құралы ретінде меңгеру қажеттілігін түсіну деңгейін төмендетеді.

Осылайша, тақырыптың өзектілігі қоғамда коммуникативтік құзыреттіліктерге ие әлеуметтік саладағы жоғары білікті мамандардың сұранысқа ие болуы мен олардың қарым-қатынас құралдарының кәсіби стандартты және стандартты емес тапсырмаларын шешуге

дайын болуы мен осы ғылыми мәселенің дамымауы арасындағы қарама-қайшылыққа негізделеді.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Основы теории коммуникации: Учебник /Под ред. проф. О-75 М.А. Василика. — М.: Гардарики, 2003. — 9-10б.
2. Данакин Н.С. Смысл и профессиональные особенности социальной работы // Российский журнал социальной работы, 1995, № 1, 30б.
3. Доти Д. Паблсити и паблик рилейшнз. — М., 1996, 42-50б.
4. Кабреро Х.Д. Связи с общественностью в мире финансов. — М., 1996.
5. Маркина Т.М. Интерпретация тезауруса в области социальной педагогики и социальной работы / Социальная педагогика и социальная работа за рубежом. Т. 1. — М., 1994, 48-50б.
6. Сопер П. Культура речи. — М., 1989.

УДК 37.01

### **ШЕТЕЛДІК ПРАКТИКАДАҒЫ ИНКЛЮЗИВТІ ДИЗАЙНДЫ ҚҰРУДЫҢ ТӘЖІРИБЕСІ**

**Өткір Назерке Сакенқызы**

[nazerke\\_otkir@mail.ru](mailto:nazerke_otkir@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 5В090500-«Әлеуметтік жұмыс»

мамандығының 2 курс студенті

Астана, Қазақстан

Британ стандарттау институты инклюзивті дизайнды өнім немесе қызмет дизайнын әзірлеуде жалпыға бірдей қолжетімді, арнайы бейімделу қажеттіліктерін ескере отырып және мүмкіндігінше адамдардың көп бөлігі қолдана алатындай етіп жобалау деп анықтайды. Инклюзивті жобалаудың мақсаты – әртүрлі ерекшеліктерді есепке ала отырып адамдарға тең жағдайлар жасау және қажеттіліктерін қамтамасыз ету.

Инклюзивті дизайн - британдық термин. АҚШ-та бұл ұғымды «әмбебап жоба деп атайды». Жиі қолданылатын терминдердің бірі: «барлығына арналған дизайн». Іс жүзінде бұл терминдердің барлығы синонимдер болып табылады.

Инклюзивті дизайн тарихы ХХ ғасырдан басталады, яғни, ол адамзат тарихындағы екі әлемдік соғыстың салдары және ғылым мүмкіндіктерінің кеңеюімен тікелей байланысты. Ғылыми прогресс халықтың, оның ішінде, мүмкіндігі шектеулі жандар мен созылмалы ауруға ұшыраған адамдардың өмірін айтарлықтай ұзартуға мүмкіндік берді. Бұрын өлімге әкеп соқтыратын жарақаттардан соң да өмір сүру деңгейі артты. Бұл мүмкіндіктер қаншалықты қайғылы болған әскери қақтығыстарда және туа мүмкіндігінен айырылған жүз мыңдаған адамдар үшін үлкен рөл атқарды. [1]

Өткен ғасырдың ортасында Еуропа, Америка Құрама Штаттары мен Жапонияда мүмкіндігі шектеулі жандар үшін физикалық кедергілерді жоюға бағытталған «Кедергілерсіз» қозғалысы кең өріс ала бастады. Оның соңынан осы санаттағы адамдарды кемсітуге қарсы және олардың азаматтық құқықтарын қамтамасыз етуге бағытталған күрестер толқынымен жалғасты. Бұл топтар заңнамалық базаға, оның ішінде объектілерді жобалауға қойылатын талаптарға айтарлықтай әсер етті. 1973 жылға қарай АҚШ-тың 49 шатында түрлі типтегі ғимараттарға қолжетімділік стандарттарын енгізді. Нәтижесінде, бұл жобаларда мүмкіндігі шектелген адамдардың ерекшеліктерін ескеріп, қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған шаралар арта түсті. Бастапқыда инклюзивті дизайн «стандартты пайдаланушылар» үшін бекітілген шешімдерді толықтыруға шақырды. Осындай толықтыруларға ғимараттарда баспалдақпен қоса мүмкіндігі шектеулі жандарға